

## БЕКІТЕМІН

Қостанай облысы  
әкімдігі мәдениет басқармасының  
«Облыстық көркемөнерпаздардың  
халық шығармашылығы мен  
кинобейнеқор орталығы» КМҚК

— Д.Қалқаев

18 мамыр 2022 ж.

### Хаттама

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының  
«Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен  
кинобейнеқор орталығы» КМҚК қызметкерлер арасында оқыту жүргізу

Қостанай қ.

18 мамыр 2022 жыл

Басталуы: 09 сағат 30 минут

Аяқталуы: 10 сағат 30 минут

**Тақырыбы:** Мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызмет.

**Мақсаты:** Мемлекеттік функцияларды орындаумен қызметтің үйлесімсіздігі түсінігін қалыптастыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

- қызметтің үйлесімсіздігі туралы нақты түсінік.

**Сұрақ 1. Мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызмет.**

Қолданыстағы заңнама мемлекеттік қызметшілерге және оларға теңестірілген адамдарға, сондай-ақ квазимемлекеттік сектордың барлық қызметкерлеріне қандай да бір ақы төленетін қызметпен айналысуға тікелей тыйым салады.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға (өз қызметін тұрақты емес немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутаттарын қоспағанда), мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, қалалардың әкімдігіне кандидаттарды қоспағанда) беріледі аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарына мүшелікке, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде қызметін жүзеге асыратын лауазымды адамдарға тыйым салынады:

1) Егер шаруашылық етуші субъектіні басқару немесе басқаруға қатысу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың лауазымдық

міндеттеріне кірмейтін болса, шаруашылық етуші субъектіні басқаруға өз бетінше қатысуға, мүліктік немесе өзге де игіліктер алу мақсатында өздерінің қызметтік өкілеттіктерін құқыққа сыйымсыз пайдалану арқылы ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға жәрдемдесуге;

2) ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында облигацияларды, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында коммерциялық ұйымдардың акцияларын (ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жалпы санының бес пайызынан аспайтын көлемде жай акцияларды) сатып алуды және (немесе) өткізуді қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынады;

3) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, ақы төленетін басқа да қызметпен айналысуға тыйым салынады.

Бұл ретте бейіндік Заң өзіне меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйді мүліктік жалдауға (жалға) беруге және осындай тапсырудан кіріс алуға рұқсат береді. Яғни, егер сізде меншік иесі болып табылатын пәтер болса, онда сіз оны жалдауға және одан табыс алуға құқығыңыз бар.

2. 13-баптың 1-тармағында аталған адамдар лауазымға кіріскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ақшаны, облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын қоспағанда, өздеріне тиесілі, пайдаланылуы кіріс алуға әкелетін мүлікті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен осы функцияларды орындау уақытына сенімгерлік басқаруға беруге міндетті, осы адамдарға заңды түрде тиесілі, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлік. Мүлікті сенімгерлік басқару шартын нотариат куәландыруға тиіс.

3. Облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын қоспағанда, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлестерді (акцияларды) және пайдаланылуы кіріс алуға әкелетін өзге де мүлікті сатып алған жағдайда, 13-баптың 1-тармағында аталған адамдар оларды сатып алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде сенімгерлік басқаруға беруге міндетті. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, және жұмыс орны бойынша Персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) шартты нотариат куәландырғаннан кейін он жұмыс күні ішінде мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған шарттың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті.

4. Осы баптың 1-тармағында аталған адамдардың міндеттемелерді орындамауы олардың мемлекеттік қызметті немесе өзге де тиісті қызметті тоқтатуы үшін негіз болып табылады.

### **Қорытынды.**

Осылайша, қазіргі уақытта барлық мемлекеттік қызметшілерге, оларға теңестірілген барлық адамдарға, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор қызметкерлеріне жұмыс функцияларын орындаумен байланысты емес кіріс алуға тыйым салынады. Мысалы: қосымша жұмыс істеуге, кәсіпкерлік

қызметпен айналысуға, коммерциялық мүліктен пайда алуға, сенімгерлік басқаруға берілмеген заңды тұлғалардың қызметінен дивидендтер алуға тыйым салынады.

Оқыту өткізді  
А.Ж. Божатов